13 ақпан 2023жылы
Қалпы жиналысымен
Бекітілген

«QADAM QARMAQSHY»

Қоғамдық бірлестігінің

Ж А Р Ғ Ы С Ы

Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі
2023 . 23 02
ЗАҢДЫ ТҰЛҒА МЕМЛЕКЕТТІК
ҚАЙТА ТІРКЕУДЕН ӨТКІЗІЛДІ
БИН № 080540015169
Куәлік
Алғашқы тіркелген күні 2008 ж. 20. 05

Қызылорда облысының
әділет департаменті
Жарғы (ережа) ТЕКСЕРІЛДІ

1. Жалпы ережелер

1.1. **Қоғамдық бірлестігі «QADAM QARMAQSHY»**қоғамдықбірлестігі, әрі карай «Бірлестік».
1.2. Бірлестік коммерциялық ұйым болып табылмайды, оның негізгі мақсаты пайда табу емес және құрылтайшылар мен (немесе) катысушылар арасында пайданы бөліспейді. Бірлестік өзінің жарғылық міндеттерін орындай отырып, Казакстан Ресубликасы Конституциясы, «Қоғамдық бірлестіктер туралы» заңы, КР Азаматтық кодексі, баска да заңдар мен өзге де құқықтық актілер, осы Жарғы негізінде әрекет етеді, жалпыға мойындалатын халыкаралық принциптер, нормалар және стандарттарды басшылыкка алады.

1.3. Бірлестік атауы:
- мемлекеттік тілде: **«QADAM QARMAQSHY»**қоғамдықбірлестігі
- орыс тілінде: общественное объединение **«QADAM QARMAQSHY»**
1.4. Бірлестік өз мүшелерінің ерікті, демократиялы, теңе-теңдігі, өзін өзі басқару, заңдылық, жариялық пен өзін өзі қаржыландыру негізінде құрылып, әрекет етеді.
1.5. Бірлестіктің заңдылығы ол Казакстан Республикасының қолданыстағы заңнамалығында бекітілген тәртіпте, уәкілетті мемелекеттік органмен тіркеуден өткен сәттен бастап пайда болады.
1.6. Бірлестіктің дербес балансы, есептік және басқа шоттары, оның ішінде валюталық, өз атауы жазылған мөрі, штампы мен бланкісі болады.
1.7. Бірлестіктің орналаскан жері: Казакстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы Мкр Шұғыла мөлтек ауданы 28/46, индекс 120000
1.8. Бірлестік өз кызметін Кызылорда облысы аумағында жүргізеді.

2. Бірлестік қызметінің нысаны мен мақсаттары

2. 1. Бірлестік кызметінің нысаны мен мақсаттары болып табылады:
Бірлестік мақсатты:
- Жас кәсіпкерлерді қолдау.
Бірлестіктің кызметінің мәні:
-маркетингтік зерттеулерді өткізу;
-дөңгелек стол ұйымдастыру;
-тренинг өткізу;
-жастармен аймақтық саясат өткізу;
-жас кәсіпкерлердің арасында конференцияларды, кездесулерді өткізу;
-бизнес жоспарларды жетілдіру;
-консалтингтік қызмет;
-мәдени-көпшілік шараларды өткізу;
-жастар бағдарламаларын әзірлеуге, қабылдауға, бекітуге және жастар саясаты бойынша әлеуметтік маңызды жобаларды дайындауға белсенді қатысу;
-кәсіпкерлік кызметпен айналысу;
-Республикамызда қоғамдық-саяси тұрақтылықпен келісімді қолдауға және нығайтуға бағытталған шараларды өткізу және оларға қатысу;
-жастарға және кәмелетке толмағандарға әлеуметтік-психологиялық, құқықтық-кеңес көмегін көрсету;
-жастар арасында мәдени-ағартушылық, ғылыми-зерттеу жұмыстарын іске асыру;
- жастарды мәдени, өнегелі, патриоттық және имандылық жағынан тәрбиелеу, сондай-ақ, кешенді бағдарламаларын жетілдіріп, оларды іске асыру;
-жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау;
-қызылорда облысының жоғары және орта арнаулы оқу орындарында ғылыми бағытындағы топтарын ұйымдастыру;

-жастар арасында мәдениет, саясат, экология, экономика, әлеуметтік және т.б. түрлі ғылыми сауықтыру әдістемелерін, брошюралар, ғылыми журналдар, ғылыми кітаптар жинағын шығару және басқа да салалар үшін ақпарат орталығын құру;
-жастардың қызығушылықтарына қарай білім беру орталықтар, клубтар мен үйірмелер ұйымдастыру;
-жастар арасында халықаралық ынтымақтастықты кеңейтіп, бекіту үшін халықаралық кездесулерді, ғылыми-практикалық конференциялар, шеберлік дәрістерін, оқыту тренинг-семинарларды және тағы басқа да іс-шараларды өткізу және оларға қатысу;
-жастардың кәсіпкерлік қызметін қолдау;
-жастарға және жас отбасыларға әлеуметтік көмек беру;
-дарынды, талантты жастарды қолдау;
-жас ғалымдардың ғылыми еңбектерін жариялау, оларды насихаттау, білікті маман ретінде танытуға ықпал жасау;
-жас ғалымдарды қамқорлыққа алу, оларға демеушілік көмек беру, олардың бастамаларын дамытуға жағдай жасау;
-жастардың инновациялық идеяларын дамыту;
-қоршаған ортаны қорғауға байланысты іс-шаралар ұйымдастыру, жүзеге асыру;
-жастар мәселелеріне арналған әлеуметтік зерттеулер ұйымдастыру және өткізу;
-жастарды жұмыспен қамтамасыз ету, білім беру жұмыстарын жүргізу; - ----
-жастар қоғамдық бірлестіктеріне әдістемелік кеңестер беруді қамтамасыз ету;
-коммерциялық бағытта жұмыс жасау;
-бұқаралық ақпарат құралдарына құрылтайшылық жасау және баспа қызметін жүргізу (кітап жинақтары, газет, журналдар, телеарна, радио қызметтері және т.б.);
-жастар арасында интернет-кафе ұйымдастыру, келешек коммерциялық негізде қалау, қайта жаңғырту, ашу т.б.;
-жастар арасында аула клубтарын ұйымдастыру және соңғы негізде қалыптастыру, коммерциялық негізде жұмыс жасау;
-көгаландыру жұмыстарын ұйымдастыру және жүзеге асыру;
-жастарға арналған басылымдар (журнал, газет, телеарна, студия және т.б.) шығару;
-жастар арасында кәсіпкерлікті дамыту.

Жарғының 2.1. тармағына төмендегі толықтыру енгізуге:

- Бірлестіктің негізгі қызметінің нысаны мемлекеттің қоғамдық-экономикалық және әлеуметтік саясатының жүзеге асырылуына қатысу болып табылады.
- Жүргізіліп жатқан реформаларды қолдануға бағытталған мәдени-көпшілік, спорттық қайырымдылық және басқа да шараларды ұйымдастыру;
- ҚБ мүшелерінің заңды қызығушылықтары мен кәсіби және әлеуметік құқықтарын қорғау;
- Мәдениеттік (туризм сияқты),экологиялық, әлеуметтік және басқа да сауықтыру әдістемелерін (брошюралар ғылыми журналдар және ғылыми журналдар және ғылыми жинақтарын шығару) жасау және ұйымдастыру, ал басқа салалар үшін ақпарат орталығын құру;
-Насихаттау іс-шараларын жүргізу арқылы (мәдени, рухани, спорттық және т.б.) ауыл тұрғындарының қоғамдық және әлеуметтік деңгейін жетілдіру;
-Аймақтық бағдарламаларды әзірлеуге, қабылдауға, бекітуге және жүзеге асыруға белсенді түрде қатысу;
-Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыру жөніндегі конкурстарға қатысу және әр түрлі көздерден қаржылар тарту;
-Бірлестіктің мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыру үшін ҚР заңдарымен тыйым салынбаған әр түрлі көздерден қаржылар тарту;
- Тұрғындардың маңызды мәселелерін шешу және олардың шешілуіне ықпал жасауға негізделген қоғамдық қабылдаулар жүйесін ұйымдастыру;

-Республикат және облыс көлеміндегі мүгелектерді және мүмкіншілігі шектеулі жандарды қорғау және қолдау;
-Мәдени ағарту спорттық-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру тарихи ескерткіштер мен мәдениетті қорғау; патриоттық және адамгершілік тәрбие; қоғам өмірінің әртүрлі саласында жастардың жан-жақты жетілуіне жағдай жасау, олардың әлеуетін ашу мен жүзеге асыру;
-Съездер , семинарлар,тренингтар, дөңгелек үстел,симпозиумдар және ғылыми конференциялар ұйымдастыру және өткізу;
-Ауыл клубтарын ұйымдастыру ауыл клубы жұмысын үйлестіру және коммерциялық қызмет ету;
-Жастардың қызығушылығына қарай білім беру орталықтарын клубтар мен үйірмелер ұйымдастыру;
- Бірлестік мақсаты жолында коммерциялық бағытта жұмыс жасау;
-Қоршаған ортаны қорғауға байланысты іс-шаралар ұйымдастыру, жүзеге асыру;
-Тұрғындарға психологиялық кеңес беру бойынша орталықтар құру және оның қызметін ұйымдастыру;
- Қоғамдағы шиеленістерді шешуге жәрдемдесу және алдын алу.
- Жүргізіліп жатқан реформаларды қолдануға бағытталған мәдени-көпшілік, спорттық ,қайырымдылық және басқа да шараларды ұйымдастыру;
- Ақпараттық-пікірталас іс-шаралары, соның ішінде: дөңгелек үстелдер, презентациялар, конференциялар, слеттер, жиындар, симпозиумдар, конгрестер, қоғамдық тыңдаулар және т. б.;
- Мәдени-танымдық, демалыс және ойын іс-шаралары, оның ішінде: фестивальдер, лагерьлер, концерттер, көрмелер, жәрмеңкелер, шерулер, конкурстар, викториналар, акциялар, флэшмобтар, жиындар және басқалар
- Спорттық іс-шаралар, соның ішінде спартакиадалар, матчтар, чемпионаттар, жарыстар, турнирлер және басқалар;
- Оқыту іс-шаралары, оның ішінде семинарлар, тренингтер, мастер-кластар, дәрістер, вебинарлар мен видеосабақтар, оқыту курстары (мектептер), түрлі бағыттағы тағылымдамалар және басқалар;
- ақпараттық іс-шаралар, оның ішінде баспасөз конференциялары, брифингтер, баспасөз турлары, блог-турлар, ақпараттық кампаниялар және басқалар;
- Әлеуметтік және басқа да қызмет түрлері;
- ҚР заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де іс-шаралар нысандары;

Іс-шараларды іске асыру және іске асыруға жәрдемдесу: «Рухани жаңғыру», «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» бағдарламалары, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Үлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалалары шеңберіндегі іс-шаралар:
- Стратегиялық бастамалар шеңберіндегі іс-шаралар: «Қазақстан 2030», «Қазақстан 2050», «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай жиырма қадам», «Мәңгілік ел» Патриоттық актісі, «Әлем. XXI ғасыр» Үндеуі және басқа да;
- Бәсекеге қабілеттілікке, әрбір қазақстандықтың прагматизміне және жалпы қоғамның эволюциялық дамуына бағытталған халықтың азаматтық жауапкершілігі мен әлеуметтік белсенділігін арттыру, өзекті мәселелерді шешу үшін азаматтардың, ҮЕҰ, еріктілердің, меценаттардың, бизнес-құрылымдардың және мемлекеттік органдардың күш-жігерін біріктіру;
- Ақпараттық топтардың, қоғамдық кеңестердің және консультативтік-сабағаттық органдардың, насихаттау және түсіндіру топтарының жұмысын ұйымдастыру және қызметіне қатысу;
- Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдаулары мен үндеулерін түсіндіру бойынша әлеуметтік маңызы бар іс-шараларды өткізу;
- Мемлекеттік органдар, бизнес, БАҚ және ҮЕҰ арасындағы диалог пен өзара іс-қимылды ұйымдастыру және дамыту;

- Қарт адамдардың, жалғыз тұратын азаматтардың, ҰОС, Еңбек және Тыл ардагерлерінің әлеуметтік-қоғамдық белсенділігін арттыру;
- Халықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымын және құқық бұзушылықтарға «нөлдік төзімділікті» қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды өткізу;
- Әйелдер бастамаларын қолдау және гендерлік теңдікті дамыту бойынша;
- Шығармашылық және кәсіби конкурстарды ұйымдастыру;
- Медиация және конфликтология саласын дамыту бойынша қызмет;
- Мемлекеттік жастар саясаты аясындағы іс-шаралар;
- Бос уақытты ұйымдастыру орталықтардың, аула және көше клубтарының және басқа да қызығушылықтары бойынша ұйымдардың қызметін қамтамасыз ету бойынша;
- Еңбек отрядтарының (қозғалыстарының) және қоғамдандыру, абаттандыру отрядтарының (қозғалыстарының), оның ішінде жастар отрядтарының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі;
-Жұмысқа орналасуға және жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге ықпалдасу;
- Жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған іс-шараларды, нашақорлықтың, маскүнемдіктің және басқа да зиянды әдеттердің алдын алуға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;
- Кәсіптік бағдар беру бағытында жұмыс, жастар мен жасөспірімдер арасында сұранысқа ие кәсіптер мен мамандықтардың беделін және имиджін арттыру іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;
- Жастар арасында мәдени-ағарту, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыру;
- Ақпараттық, кеңес беру, ресуретық, оқыту, бос уақытты ұйымдастыру орталығын және бағыттар бойынша клубтарды (үйірмелерді) құру;
- Балалар мен жасөспірімдердің әскери-патриоттық қозғалысы мен тәрбиесін ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралар;
- Полицияға, жол-патрульдік қызметтерге және ТЖМ қызметтеріне жәрдемдесетін студенттік отрядтардың жұмысын ұйымдастыру;
-NEET (Not in Education, Employment or Training) санатындағы жастарға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;
- Студенттік, жұмыссыз, жұмыс істейтін, өзін-өзі жұмыспен камтыған, белсенді және белсенді емес жастармен, олардың ресми және бейресми бірлестіктерімен жұмыс;
- Іс-шаралардың барлық түрлерін ұйымдастыру, оның ішінде шекара маңындағы, халықаралық және көшпелі сипаттағы (саяхаттар, жастар лагерлері, слеттер, форумдар, тренингтер, экспедициялар және т.б.);
- Аймақтар мен республика деңгейінде дебаттық қозғалысты дамыту бойынша, соның ішінде турнирлер мен тренингтер ұйымдастыру, жастар мен ниет білдірушілерді оқыту;
- Аймақтар мен республика деңгейінде әзіл-сықақ қозғалысын дамыту бойынша, соның ішінде турнирлер мен тренингтер ұйымдастыру, жастар мен ниет білдірушілерді оқыту;
- Аймақтар мен республика деңгейінде зияткерлік қозғалысты дамыту бойынша, соның ішінде турнирлер мен тренингтер ұйымдастыру, жастар мен ниет білдірушілерді оқыту;
- Халық арасында салауатты өмір салтын насихаттау және қалыптастыру бойынша;
- экологиялық және патриоттық тәрбие, қоршаған ортаны қорғау, елді мекендер мен басқа да обьектілерді абаттандыру бойынша іс-шаралар;
- мәдени-бұқаралық іс-шаралар, оның ішінде мерекелік күндері мен оқиғаларға, мерейтойларға орайластырылған;
- дарынды, талантты және шығармашылық азаматтарды, соның ішінде жастар мен жасөспірімдерді қолдау бойынша;
- кәсіпкерлікті, бизнес-идеяларды және стартап-жобаларды қолдау бойынша, соның ішінде жастар арасында;
- әлеуметтік және жастар кәсіпкерлігі бойынша, оның ішінде түрлі бағыттағы қызмет көрсететін нысандарды (баспахана, интернет-кафе, әлеуметтік такси және т. б.) ашу жолымен;

- ғылыми кездесулер, жобалар, конкурстар, форумдар, ғылыми-практикалық конференциялар, дәрістер, оқу тренингтері мен семинарлар, сондай-ақ ғылым мен ғылыми көзқарасты танымал етуге бағытталған басқа да іс-шаралар өткізу;
- барлық санаттағы азаматтарды, соның ішінде пробациялық және профилактикалық есептегілерді әлеуметтендіру, қайта әлеуметтендіру және бейімдеу бойынша іс-шаралары;
- ішкі және халықаралық мәдени, экологиялық, тарихи туризмді, экспедицияларды, сондай-ақ туристік және экспедициялық қызметтерді насихаттау бойынша;
- азаматтарға және олардың бірлестіктеріне кеңес беру, әдістемелік және консалтингтік қызметтер (ЗТБ, ҮЕҰ, ЖҚБ, ҚК және т. б.);
- өмірлік қиын жағдайға тап болған, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған, девианттық мінез-құлықты және т. б. азаматтарға, соның ішінде жастар мен кәмелетке толмағандарға әлеуметтік-психологиялық, құқықтық, консультациялық және басқа да көмек көрсету;
- отбасылықты насихаттау мен нығайту және дәстүрлерді сақтау бойынша;
- Қазақстан халқының салт-дәстүрлерін, тарихы мен мәдени құндылықтарын дәріптеу;
- халық бірлігі мен қоғамдық келісімді нығайту бойынша;
- ҚР заңдарына қарсы келмейтін дін саласындағы мемлекеттік саясаты бойынша іс-шаралар өткізуге ықпалдасу:
- өзекті мәселелер бойынша үздік материалдар (мақалалар, репортаж, әлеуметтік роликтер және т.б.) дайындауға журналистер арасында конкурс ұйымдастыру және өткізу;
- блогерлер мен медиа-тұлғалар арасында конкурсты ұйымдастыру және өткізу, оларды іс-шараларға тарту;
- қызметкерлерді, мұқтаж азаматтарды, аз қамтамасыз етілген отбасыларды, сондай-ақ басқа да санаттарды ыстық түскі аспен (тамақпен) қамтамасыз ету;
- арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін дамыту, сондай-ақ жалғыз басты қарттарға, әйелдерге және басқа санаттағы азаматтарға арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету;
- дене белсенділігі мен СӨС дамыту, онкологиялық аурулардың, жарақаттанудың, диабеттің, ҚЖА, жүрек-қан тамырлары ауруларының, әлеуметтік – маңызды аурулардың деңгейін төмендету үшін қауіп факторларының алдын алу және т.б.;
- мүмкіндігі шектеулі азаматтар арасында ақпараттық-консультациялық қызмет көрсету және түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- дене шынықтыру және спорт, бұқаралық спортты дамыту, сондай-ақ жоғары жетістіктері спорт саласында қызмет көрсету;
- ономастика бойынша іс-шаралар және көрнекі ақпаратты дұрыс жазуға бағытталған іс-шаралар кешені;
- этносаралық қарым-қатынас тілі ретінде мемлекеттік тілдің рөлін күшейтуге бағытталған іс-шаралар кешені;
- ақпараттық-әдістемелік материалдарды әзірлеу (пресс-релиз, буклет, брошюра, құрал, бюллетень, флаер, плакат, парақтар, банер және т.б.);
- қоғам мүшелерінің әлеуметтік, экономикалық, саяси және құқықтық дамуына бағытталған халықаралық және мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға жәрдемдесу;
- халық пен қоғамның өзекті мәселелерін ғылыми әзірлеуге жәрдемдесу;
- әлеуметтік және маркетингтік зерттеулер мен әлеуметтік сауалнамалар, экзитполдар және т.б.;
- әртүрлі басылымдарды (журналдар, газеттер, брошюралар және т.б.) және ғылыми кітаптар мен құралдар жинақтарын дайындау және шығару;
- мәдени, саяси, экологиялық, экономикалық, әлеуметтік және басқа да әдістемелік құралдар, брошюралар, ғылыми журналдар және т.б.;
Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс іске асырылатын бағыттарда іс-шаралар өткізу:
-Білім беру, ғылым, ақпарат, дене шынықтыру және спорт саласындағы мақсаттарға қол жеткізу;
-қоршаған ортаны қорғау;
- отбасы-демографиялық және гендерлік мәселелерді шешуге жәрдемдесу;

- жетім балаларға, толық емес және көп балалы отбасылардан шыққан балаларға көмек;
-азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, заңды мүдделерін қорғау;
- тарихи-мәдени мұраны қорғау;
- пробация қызметіне олардың есебінде тұрған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету кезінде жәрдемдесу;
- азаматтық қоғамды дамытуға, оның ішінде үкіметтік емес ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыруға жәрдемдесу;
- азаматтардың денсаулығын сақтау, салауатты өмір салтын насихаттау;
- жастар саясаты мен балалар бастамаларын қолдау;
- халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау;
- халықты еңбекпен қамтуды қамтамасыз етуге жәрдемдесу;
- мәдениет пен өнерді дамыту;
- қоғамдық келісімді және жалпыұлттық бірлікті нығайту;
- мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қоғамдық мониторинг жүргізу;
- өмірлік қиын жағдайда жүрген адамға (отбасына) көмек көрсету;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де әлеуметтік маңызы бар бағыттар бойынша жүзеге асырылады.
- Есірткіге тәуелді және АИТВ/ЖИТС жұқтырғандармен жұмыс жасау;
- Жастарға және ҮЕҰ – дарға ресурстық орталық құру;
- Инновациялық, кәсіпкерлік қызметпен айналысу;
- Діни экстремизм мен. терроризмге қарсы іс-шараларды ұйымдастыру;
- Сыбайлас жемқорлық іс-кимылдарын алдын алу және жоюға арналған іс-шараларды ұйымдастыру,сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қызметтерін ұйымдастыру;
- Кәсіпкерлермен мен тұтынушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау;
- Республикалық, облыстық, аудандық деңгейде әртүрлі формат пен келемдеп іс-шараларды ұйымдастыру,форумдар, съездтер, конференциялар, марапаттаулар, конкурстар, фестивальдар, семинар-тренингтер және т.б.;
- Қоғамдық келісімді нығайтуға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру;
- Адам саудасы және тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарын қорғау қызметін ұйымдастыру;
- Бұқаралық және ұлттық спорт, ойын түрлерін дамыту үшін қызмет ұйымдастыру;
28.Республикалық және облыстық деңгейде жастар саясатын жүзеге асыру;
- Отбасылық-демографиялық саясатты жүзеге асыру;
- Гендерлік теңдіктің қызметін ұйымдастыру;
- Консалтингтік қызметтер ұсыну, мониторинг,
талдау және бағалау;
- Интернет ресурстар мен әлеуметтік желілерде ақпараттық қызмет көрсету ұйымдастыру;
- Облыс көшелерінде тазалық сақтау, көгалдандыру және экологиялық қызметтерді ұйымдастыру;
- Облыс көлемінде көркейту көгалдандыру жұмыстарын ұйымдастыру, Жастар еңбек жасақтарының қызметі ұйымдастыру;
- Аула клубтарының жұмысын жүргізуді ұйымдастыру;
- Аймағымызда тіл саясатын жүзеге асыру;
- Жарғылық мақсаттарға сәйкес басқа да
-Еріктілер қозғалысын оқыту, дамыту және үйлестіру бойынша жобалар мен іс-шараларды өткізу. Волонтерлерді, ерікті лерді және жастарды іс-шараларға тарту;
- Қордың мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу үшін коммерциялық бағыттағы жұмыс;
- Қайырымдылық көмекті, іс-шаралар мен жобаларды ұйымдастыру және өткізу;
- Гранттар табыстау
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да қызмет түрлері.

3. Бірлестіктің құқықтары мен міндеттері

3.1. Бірлестік қолданыстағы заңнамада қаралған тәртіпте құқылы:

өз қызметі туралы ақпараттарды еркін таратуға;

жиналыстар, митингтер, демонстрациялар, пикеттер мен шерулер өткізуге; бұқаралық ақпарат құралдарын құрылтайшыландыруға және баспа қызметін жүргізуге;

өз құқықтарын, өз қатысушыларының, сондай-ақ басқалардың заңды мүдделерін қорғап мемлекеттік билік органдарында, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында және қоғамдық бірлестіктерде білдіру;

«Қоғамдық бірлестіктер туралы» заңда қаралған тәртіпте, толық көлемде уәкілеттіліктерін жүргізуге;

басқа коммерциялық емес ұйымдардың құрылтайшылары болуға;

басқа коммерциялық ұйымдармен бірге одақтар мен ассоциациялар құруға; тікелей халықаралық байланыстар орнатуға;

кәсіпкерлік қызмет жүргізуге, өйткені бұл Бірлестіктің жарғылық міндеттеріне қол жеткізуге ықпал етеді әрі осы мақсаттарға сай келеді.

3.2. Бірлестік міндетті:

өз мүшелеріне олардың құқықтары мен мүдделерін қозғайтын құжаттармен және шешімдермен танысу мүмкіндігін кедергісіз ету;

өз мүшелерін ақшалай қаражаттың түсуі мен жұмсалуы туралы хабардар ету;

ҚР заңнамаларын, өз қызмет саласына қатысты жалпыға мойындалған халықаралық құқық нормалары мен принциптерін, сондай-ақ осы жарғыда және басқа құрылтайшылық құжаттарда қаралған нормаларды қадағалауға;

өз мүліктерінің пайдаланылуы туралы жылсайын есеп жариялауға немесе көрсетілген есеппен танысу үшін қолжетімдікпен қамтамасыз етуге;

осы Жарғыны тіркеген органды жыл сайын өз қызметінің ұзартылатыны туралы, тұрақты жұмыс істейтін басшы органның нақты орналасқан жерін, оның атауы мен басшысы туралы деректерді көрсете отырып, хабардар етуге;

қоғамдық бірлестіктерді тіркейтін органның сұранысы бойынша Бірлестіктің басшы органдары мен лауазымды тұлғаларының шешімдері бар құжаттарды, сондай-ақ өз қызметі туралы жылдық және тоқсандық есептерді салық органына жіберілетін мәліметтер көлемінде беруге;

қоғамдық бірлестіктерді тіркейтін орган өкілдерін Бірлестік өткізетін іс-шараларға жіберуге; жарғылық мақсаттарға қол жеткізу және заңнаманы сақтауға байланысты қоғамдық бірлестіктерді тіркейтін орган өкілдеріне Бірлестік қызметімен танысуға ықпал ету.

4. Басқару және бақылау органы

4.1. Бірлестіктің басшы органы болып табылады:

Жоғарғы орган - Жалпы жиналыс;

Жоғарғы атқарушы орган - Басқарма - құрамында Президент, вице-президент және Басқарма мүшелері бар, жиналыстар арасындағы кезеңде бірлестік қызметіне басшылық жасайды.

Бақылау органы - Тексеру комиссиясы.

4.2. Бірлестік басқармасының жоғарғы органы Жалпы жиналыс болып табылады. Жалпы жиналысты Басқарма кем дегенде жылына бір рет шақырады.

Жалпы жиналысты шақыру, күні, күн тәртібі мен өту орны туралы Басқарма оны шақырудан екі ай бұрын жариялайды.

4.3. Жалпы жиналыстың айрықша құзырына жатады

4.3.1. Бірлестік қызметінің негізгі бағыттарын анықтау;

4.3.2. Бірлестік жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

4.3.3. бірлестікті қайта құру мен тарату туралы шешім қабылдау;

4.3.4. Басқарманың Президентін, вице-президенттерін, тексеру комиссиясын сайлау және мерзімінен бұрын босату, олардың есептерін тыңдау және бекіту;

4.3.5. Басқарма ұсынысы бойынша бірлестіктің құрметті мүшелерін сайлау;

4.3.6. қоғамдық бірлестік қызметінің басқа да маңызды мәселелерін қарау:
4.3.7.қызметтері қоғамдық бірлестіктің жарғылық мақсаттарына жетуге бағытталған филиалдар мен өкілдіктер, кәсіпорындар мен ұйымдар құру туралы мәселелерді шешу:
4.4. Жалпы жиналыс, егер оған бірлестік мүшелерінің жалпы дауыстар санының кем дегенде үштен екісіне ие өкілдер қатысса, заңды деп табылады.
4.5. Жалпы жиналыстың шешімі, қатысушылардың 2/3 дауыстары бойынша шешім қабылданатын 4.3.2., 4.3.3. т.т. басқа, жалпы жиналысқа қатысушылардың көпшілік жәй дауыстарымен ашық немесе жабық дауыс беру арқылы қабылданады.
Коммерциялық емес ұйымның басқару органдарының құзыретін,ұйымдық құрылымын,өкілеттіктерін қалыптастыру және тоқтату тәртібін айқындау;
Атқарушы органдардың қаржылық есептілігін ұсыну тәртібі мен кезеңділігін,сондай-ақ бақылау органының тексеру жүргізу және олардың нәтижелерін бекіту тәртібін айқындау;
4.6. Басқарма бірлестікті жиналыстар арасындағы кезеңде басқаруды жүзеге асырады және 5 жыл мерзімге сайланады.
Жалпы жиналысты шақырып, онда қарау үшін мәселелер дайындайды;
Бірлестік қызметінің бағдарламалары мен жобаларын әзірлеп, қарауға ұсынады;
қызметінің мәселелері бойынша нұсқаулықтар мен ережелер әзірлеп, бекітеді, сондай-ақ бірлестік құрылымын белгілейді:
мүшелік жарна көлемін белгілейді және шығандар сметасын бекітеді:
жалпы жиналыстың шешімдерін жүзеге асыруды камтамасыз етеді;
бірлестік мүшелігіне қабылдау және шығару туралы мәселелерді шешеді:
бірлестік жарғысына өзгерістер мен толықтырулар.ы карауды енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлейді;
басқарма мәжілісі қажеттілігіне қарай, бірақ кем дегенде жарты жылда бір рет өткізіледі.Мәжіліс заңды болып табылады, егер оған оның құрамының жартысынан көбі қатысса, ал шешім қабылданды деп саналады, егер оны жақтап қатысушылардың 50% астамы дауыс берсе;
жалпы жиналыс басқармасының мүшелері қатарынан Басқарма президенті сайланады.
4.7. Бірлестіктің Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды енгізу келеседі түрде жүзеге асырылады:
1. Қосымша Бірлестік жарғысына толықтырулар мен өзгертулер енгізу;
2. Толықтырулар мен өзгертілер мен енгізілген Жаңа редакциядағы жарғы.
4.8. Атқару органының мекенжайы - Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы,Қармакшы ауданы, Жосалы кенті. Қоркыт ата кешесі 54/10, индекс 120500.
4.9. Басқарма президенті
басқарманы басқарады және бірлестіктің жоғарғы лауазым иесі болып табылады;
бірлестіктің бекітілген жобалары мен бағдарламалары шеңберінде бірлестіктің ағымды қызметіне және жалпы жиналыстың шешімдерін орындауға басшылық жасайды;
бірлестік мүддесін мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарда білдіреді,бірлестік атынан келісімшарттар, келісімдер жасайды, басқа заңды тұлғалармен қарым-қатынаста бірлестікті білдіреді;
жалпы жиналысқа өз қызметі мен бірлестік басқармасының жұмысы туралы есеп береді, бірлестіктің қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері үшін жалпы жиналыс алдында жауап береді;
несие беру мекемелерінде бірлестіктің шоттарын ашады:
бірлестік атынан сенімхатсыз әрекет етеді, несиегерлерге өкім етуші болып табылады,қаржылық және басқа құжаттарға қол қояды;
бірлестіктің штаттық кестесі мен қызметтік нұсқаулықты басқармаға бекітуге ұсынады;
штаттық кестеге сәйкес, басқармамен келісу арқылы бірлестік қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және шығарады;
өз құзыры шегінде бұйрықтар, өкімдер, нұсқаулықтар шығарады:
осы жарғыға сәйкес бірлестік қызметінің басқа да мәселелерін шешеді.
4.10. Бірлестіктің қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау жүргізу үшін жалпы жиналыс құрамы 3 адамнан тұратын тексеру комиссиясын сайлайды.

5. Бірлестікке мүшелік

5.1. Бірлестікке мүшелікке қабылдау жазбаша өтініш негізінде Бірлестік басқармасымен жүргізіледі.

5.2. Бірлестікке мүшелікке қабылдау туралы шешімді бірлестік басқармасы оның мүшелерінің жартысынан кем емесі қатысқан кезде, көпшілік жай дауыспен қабылдайды.

5.3. бірлестік мүшелері құқылы:

басқару органдарына сайлауға және сайлануға;

бірлестік қызметіне қатысты мәселелер бойынша бірлестіктің басшы органдарының қарауына ұсыныстар енгізуге;

бірлестік қызметіне қатысты ақпараттар алуға;

бірлестік мүшелері бірлестік құрамынан ерікті түрде шығуға құқылы;

білікті кеңес алуға.

5.4. Бірлестік мүшелері міндетті:

бірлестік қызметіне қатысуға:

осы жарғыны қалағалауға:

бірлестік іс-шараларына қатысуға, кіру және мүшелік жарналарын уақтылы төлеп отыруға:

бірлестікке моралдық және материалдық залал келтіретін әрекетерге жол бермеуге;

бірлестік алдында тұрған міндеттерді шешуге белсене ықпал етуге; бірлестіктің басшы органдарының шешімдерін орындауға.

5.5. Бірлестік мүшелері өздері бірлестікке берген мүліктерге, оның ішінде мүшелік, кіру жарналарына құқығы жоқ.

5.6. Бірлестік мүшелері бірлестік міндеттемелеріне жауап бермейтіні сияқты, бірлестік те өз мүшелерінің міндеттемелеріне жауап бермейді.

5.7. Бірлестік мүшесі осы жарғы талаптарын бұзғаны үшін бірлестік Басқармасының шешімі бойынша бірлестікке мүшелігі тоқтатылуы мүмкін.

6. Бірлестік мүліктері

6.1. Бірлестік мүліктері баланста тұрған қаржылық ресурстар мен материалдық құндылықтарды құрайды. Бірлестіктің меншігінде ғимараттар, жайлар, тұрғын үй қоры, жабдықтар, мүліктер, мәдени-ағарту және сауықтыру бағытындағы мүліктер, акша қаражатары, акциялар мен басқа да құнды қағаздар, осы жарғыда қаралған қызметтерді қамтамасыз ету үшін қажетті басқа да мүліктер бола алады.

6.2. Бірлестік мүліктерін қалыптастыру көздері болып табылады:

бірлестік мүшелерінің кіру, мақсатты және мүшелік жарналары;

түрлі ұйымдар мен жекелеген азаматтардың түрлі формадағы қайырымдылықтары мен ерікті жарналары;

бірлестік өткізген қайырымдылық акциялары, аукциондар, лотереялар мен басқа да іс-шаралар өткізуден түскен түсімдер;

гранттар түріндегі қаржылық көмек;

рұқсат етілген кәсіпкерлік қызметтен түскен кірістер;

Қазақстан республикасы заңнамалығы тыйым салмаған басқа да қаражаттар мен түсімдер.

6.4. Түскен қаражаттар мен жарналар есебінен, сондай-ақ алынған таза пайдалардан бірлестіктің қызметіне қажетті экономикалық қорлары, оның ішінде еңбекақы және өкілеттік қор құрылады.

7. Қаржылық жыл және есептілік

7.1. Бірлестіктің қаржылық жылы күнтізбелік жылдың 1 қаңтары мен 31 желтоқсаны аралығында белгіленеді.

7.2. Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік қолданыстағы заңнама белгілеген тәртіпте жүргізіледі.

8. Еңбек және әлеуметтік өзара қатынастар

8. 1. Бірлестіктің ұйғыны тұлғалармен және еңбек ұжымымен өзара қатынастарының сипаты мен тәртібі нақты еңбек және шаруашылық келісімдерімен айқындалады.

8.2. Бірлестік «Еңбек туралы» ҚР Заңына сәйкес жеке еңбек шартарын жасау арқылы қызметкерлерді жалдауға құқылы.

8.3. Қызметкерлерді әлеуметтік сақтандыру қолданыстағы заңнамада белгіленген шарттар мен тәртіпте жүзеге асырылады.

9. Филиалдар мен өкілдіктер

9.1. Бірлестік ҚР заңнамалық актілеріне сәйкес ҚР аумағында филиалдар мен өкілдіктер аша алады.
9.2. Филиалдар мен өкілдіктер бірлестік мүліктерін иеленеді және бірлестік бекіткен Ереже негізінде әрекет етеді. Филиал мен өкілдік мүліктері бөлек баланста және бірлестік балансында есепке алынады.
9.3. Филиал мен өкілдік құру туралы шешім жалпы жиналыспен қабылданады, жалпы жиналыс филиал мен өкілдік туралы Ережені бекітеді және басшыны сайлайды; филиал мен өкілдік басшылары уәкілетті орган берген сенімхат негізінде әрекет етеді;
9.4. жалпы жиналыс филиал мен өкілдіктің тұратын жерін анықтайды.
9.5. Филиал мен өкілдік есепке алынып, тіркелінеді, ол Қазақстан республикасы заңнамалығында белгіленген тәртіп пен мерзімде жүргізіледі.
9.6. Филиал мен өкілдікті жою туралы шешім жалпы жиналыста қабылданады.

10. Қайта құру және жою

10.1. бірлестікті қайта құру немесе жою үшін негіз болып табылады: бірестіктің жалпы жиналысының шешімі;
сот шешімі.
10.2. Бірлестікті қайта құру немесе жою туралы шешім жиналыста бірлестік мүшелерінің кем дегенде үштен екі даусымен қабылданады.
10.3. Бірлестікті қайта құру немесе жою Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және осы жарғы ережелерінде қаралған тәртіпте жүргізіледі.
10.4. Бірлестікті қайта құру қосылу, бірігу, бөліну, өзгеру түрінде және заңнамада қаралған басқа формаларда жүре алады. Бірлестік қайта құрылған кезде оның құқықтары мен міндеттері жаңадан құрылатын ұйымның құрылтайшылық құжаттарымен анықталатын құқық иеленушісіне көшеді.
10.5. Бірлестік жойылған кезде жалпы жиналыс жою комиссиясын құрады. Ол ҚР орталық әділет органдарының баспасөз беттерінде оның жойылатыны туралы, шағымдарды қарау мерзімі мен тәртібі туралы жария етеді. Жою комиссиясы тағайындалған сәттен бастап оған бірлестік істерін басқару уәкілеттігі көшеді. Жою комиссиясы бірлестіктің қолда бар мүліктерін бағалайды, оның дебиторлары мен кредиторларын анықтайды, олармен есептеседі, бірлестіктің үшінші тұлғаларға қарыздарын төлеу шараларын қабылдайды, жою балансын жасап, оны бірлестіктің жалпы жиналысына береді.
10.6. Бірлестік жойылған кезде кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлік жарғылық мақсаттарға жіберіледі.
Бірлестік салықтық және басқа жеңілдіктер пайдаланған кезде және мүшелері мен(немесе) құрылтайшыларының жарналарына, өз қызметінің пайдаларына,жұртшылықтың қайырымдылықтарына жұмыс жүргізіп, мемлекеттен немесе мемлекеттік емес ұйымдардан гранттар алғанда, жойылған кезде кредиторлармен есептескеннен кейін қалған мүліктері бірлестік мүшелері, лауазым иелері немесе жалдамалы қызметкерлер арасында бөлінбей, оның жарғылық мақсаттарына пайдаланылуы тиіс.
10.7. Бірлестікті жою туралы хабарлама тіркеуші органға бір апта мерзім ішінде бірлестіктің жалпы жиналысы бекіткен сәттен бастап (ерікті түрде жойылғанда) немесе жою комиссиясының есебімен және жою балансымен сотпен жіберіледі.
10.8. Бірлестік жойылды деп заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркеуіне тиісті жазба енгізілгеннен кейін саналады.

Бірлестік төрағасы Шамшадинов Асхат Болатбекұлы

Утвержден общим собранием
«13» Февраль 2023 года

У С Т А В
Общественного обьединения
«QADAM QARMAQSHY»

Қостанай облысының
Әділет департаменті
Жарғы (ерекше) ТЕКСЕРІЛДІ

. Общее положение.

.1. Общественное обьединение «QADAM QARMAQSHY», в дальнейшем Обьединение».

